



010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
201\_жылғы «\_\_»\_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мәжіліс Парламента  
«\_\_»\_\_\_\_\_, 201\_года  
№ \_\_\_\_\_

22.12.2017-ғы № ДС-312 шығыс хаты

2017 жылғы 20 желтоқсанда  
жарияланды

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Б.Ә. Сағынтаевқа**

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында латын әліпбиіне көшу мәселесін – ұлттық санамызды жаңғыртудың келелі міндеттерінің бірі ретінде белгілей отырып, оның қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылым және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты екенін айрықша атап көрсетті.

Мемлекеттік тілдегі ұлттық заңнама лингвистикасының латын әліпбиіне бейімделуі де лексикалық, терминологиялық жаңа сапалық өзгерістерді қамтитыны белгілі. Сондықтан жаңа әліпбидің қабылдануына катысты ұлттық заңнаманы латын әрпіне көшіру жоспарын қолға алу, заңнама терминдерін ұлттық тілімізге біржола бейімдеу жұмысын жандандыру қажет.

Мемлекеттік тілді дамытуға жыл сайын қыруар қаржы жұмсалып жатқанына қарамастан, бұл бағыттағы жетістігіміз әлі де ойдағыдай емес. Заңнама терминдерін қалыптастыруда, бірізділікті қамтамасыз етуде нақты тұжырымдалған ұстаным жоқ. Аталған салада әркім өз білгенімен жұмыс істеп, заңнаманы қазақша сөйлетуде бір терминді әртүрлі қолданып, заңдарды орындауда күрделі қиындықтарға душар болып отырмыз. Мәселен «декриминализация» деген терминнің өзі еліміздің заңдарында «қылмыстық сипаттан арылту», «қылмыссыздандыру», деп, Үкімет қаулыларында «қылмыс деп танымау», «қылмыстан арылту», «декриминализациялау» деп қолданылады. Мұндай мысалдар жетіп артылады.

Қазақ тілінің байлығы, мағыналық көпнұсқалылығы, синонимдік қатарларының кеңдігі көркем әдебиетте мол мүмкіндіктер ашқанымен, өзіндік ерекше талаптарға сай жасақталатын заң актілерінде белгілі бір қиындықтар туғызып, нормативтік құқықтық актілерде заң техникасының тілге қатысты талаптары сақталмай отыр.

Қазіргі заң тексттерін аударушылар мен терминологтардың арасында халықаралық терминдерді қазақшалауда сөздердің этимологиясын дұрыс пайдаланбай, оларды бұрмалап, орынсыз пайдалану жиі кездесіп жүр. Олар орыс, ағылшын, неміс және басқа да Еуропаның тілінде жүздеген жылдан бері пайдаланылып келе жатқан сөздердің барлығына қазақша балама іздеп, олардың заңдық-терминдік мағынасын бұзып отыр.

Жедел жүріп жатқан жаһандану мен интеграция процестерінде тілдер де бір-бірімен жақындай түскенін аңғаруға болады. Бұл жолда термин сөздердің ықпалы ерекше.

Демек, терминдерді жан-жақты ғылыми-практикалық зерделеуден өткізбей, заң тексттеріне енгізуге жол бермеу керек. Әрбір терминді бекітіп, оны заң тексттеріне енгізбес бұрын жан-жақты ғылыми-практикалық талдаудан өткізген жөн.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейін, яғни Совет үкіметі кезеңінде халықаралық терминдер, қысқарған сөздер аударылмай, сол қалпында алынуға тиіс деген бұлжымас қағида болған. Мысалы, право, космос, спутник, баланс, стаж, стажер, тағы басқа көптеген сөздер сол қалпында қолданылатын. Ал тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап халықаралық терминдерді жаппай қазақшалау басталып, тілімізге еніп жатқан терминдер құлаққа түрпідей тиіп, өзіміз әрең түсінетін халге жеттік. Бұл проблеманы кезінде Елбасы да атап көрсеткен болатын.

Демек, Тілкомитеті, Лингвистика орталығы және басқада тілмен айналысатын ұйымдар заңдағы терминдерді дұрыстап, бірізділікті қамтамасыз ету мақсатында бұрыннан бар сөздік қорға ревизия жасап, олардың арасынан талапқа сай келетін нұсқаларды қалдыруы керек.

Бұл мәселе депутаттар тарапынан былтырда көтеріліп, арнайы депутаттық сауал жолданған болатын. Алайда, бүгінге дейін бұл бойынша қандай да бір іс атқарылғанын көріп отырған жоқпыз. Берілген жауапта іс-шаралар бойынша жұмыстарды жоспарлаумен ғана шектелгенін көруге болады.

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Тілді сақтау, дамыту, оның өзге тілдермен байланысын қалыптастыру тек тіл мамандарының ғана ісі емес.

Осы орайда, жоғарыда айтылған мәселелерді қайта қарастырып, тиісті шешім қабылдауды сұраймыз.

**Құрметпен,  
Депутаттар, «Нұр Отан» партиясы  
Фракциясының мүшелері**

**А. Смағұлов**

**Н. Әбдіров**

**С. Ахметов**

**А. Базарбаев**

**Н. Дулатбеков**

**Қ. Қаракен**

**А. Қожахметов**

**Ш. Өтемісов**

**Б. Тілеухан**

**М. Теміржанов**